ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖАҢА ТҮБЕК КОМПАНИЯСЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУІЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

БСН 040340009090. мекен-жайы: Маңғыстау обылысы, Мұнайлы а/н, Маңғыстау селосы, 107 үй, 2 п. «Банк Центр Кредит» АҚ Ақтау қ филиалы. БСК KCJBKZKX. е/ш KZ 408560000006710315. тел: 8(7292) 303017. ұялы тел: 87292303017. эл.почта: zhtk_2014@mail.ru. индексі: 130000.

Ақтау қаласы

шығыс: № 09-Х19/05.06.2019жыл.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі Ішкі
мемлекеттік аудит комитетіне

ШАҒЫМ

30 мамыр 2019жылы өткізіліп аяқталған Конкурстың № 3224491-1, Конкурстың атауы: «Жарақат қауіпсіз жабынымен спорт алаңдарын ағымдағы жөндеу» лоттың № 23540491-ОК1.
Ұйымдастырушы: «Ақтау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі» ММ

Қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес № 3224491-ОК1 «Жол Болсын» ЖШС жеңімпаз деп танылған конкурстың қортындысына және төмендегі кемшіліктермен, қателіктерге жол беріліп конкурстық комиссияның шешімімен біліктілік талаптарына сәйкес келедідеп шығарылған қортындыға келіспейтіндігімізді білдіреміз.
Себебі:
«Бекітілген» Конкурстық Құжаттаманың Шешім № 29-К Күні 2019-03-26 15:46:31, ажырамас бөлілігі болып табылатын, 2-қосымша, Техникалық ерекшелігінде былай делінген;
11. Әлеуетті тапсырыс берушіге қойылатын айрықша талаптар:
1) Жұмыстарды жүргізу үшін, әлеуетті тапсырыс берушідедәлелді арнайы техника, көлік құралдары және шағын механикаландыру құралдары болуы тиіс. (тиісті дәлелді құжаттарының электрондық көшірмелерін жолдаумен) ;
- жүк көлігі – от 3 т;
Яғни, 3(үш) тоннадан жоғары делінген, аталған «Жол Болсын» ЖШС ұсынып отырған өтініміндегі жүк көлігінің салмағы мүлдем сәйкес келмейді, алдын ала жалдау келісім шартымен 20.04.2019ж жеке тұлға Ануаров А.М дан жалға алынған жүк көлігі ГАЗ (Газель) 330202-2288 деп көрсетілген.

Әр-түрлі ақпарат көздерінен алынған деректемелерге сәйкес, атаулы жүк көлігінің техникалық мінездемесін ұсына отырып.
Грузоподъёмность и габариты ГАЗ (Газель) 330202-2288 с одинарной кабиной, удлинённая МТ
Полная масса ТС (кг) 3500
Масса снаряженного ТС (кг) 2005
Грузоподъёмность ТС (кг) 1500 **(жүк көтеру салмағы)** екі есе аз екенін көрсетіп тұр.

Техникалық ерекшелігінде былай делінген;
2) Жұмыстарын жүргізу үшін, жеткізушіде арнайы мамандары болуы тиіс. (қосымша тиісті дәлелді құжаттарымен):
бетондаушы – 3 жұмысшы.
тоқпен және газбен дәнекерлеуші - 1 жұмысшы.
монтаждаушы – 3 жұмысшы.
арнайы техника мен барлық автокөліктерге жүргізушілері және машинистері.

Алайда біздің ойымызша «Жол Болсын» ЖШС ұсынып отырған кәсіби мамандардың куәліктері біліктілік талаптарына мүлдем сәйкес келмейді себебі: **бетондаушылар** Акрамов С.К, Гуламов Д.Д, Гуламов Э.А, **монтаждаушылар** Розакулов М.Т, Нурумов А.К, Эргашев М.З, **тоқпен және газбен дәнекерлеуші** Каргабаев А.Т, **автокран машинистері** Асанов Б.Ұ, Болганбаев Ж.Б, Тауешов Л.М, т.б. мамандарға берген куәліктер кәсіби деңгейдегі арнайы маман (специалист профессионального уровня) куәліктері болып табылмайды өйткені ұсынылған куәліктермен құжаттарда көрсетілгендей **«Азаматтық**

қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ, заңы аясында оқытып берілетін «Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қауіпті өндірістік объектілердегі газ мұнай саласындағы ережесі», (Правила обеспечения промышленной безопасности для производственных опасных объектов нефтяной и газовой отраслей промышленности)т.т.б. куәліктер болып табылады, яғни кәсіби деңгейдегі арнайы мамандық иесіне өнеркәсіптік қауіпсіздікті қорғау(сақтау) мақсатында, қосымша құжат ретінде беріледі және аталған куәлік тек бір жыл мерзімге ғана жарамды. Шындығында жоғарыда аталған азаматтардың кәсіби деңгейдегі арнайы мамандығының бар екеніне қатты күмәніміз бар.

Әрі қарай Болганбаев Ж.Б атына берілген жүргізуші куәлігі NS №021722: жарамдылық мерзімі 29.04.2008-29.04.2020ж.ж деп көрсетілген яғни жарамдық мерзімі өтіп кетседе әдейілеп, қолдан өзгертіліп, жарамдық мерзімі ұзартылып, салынғанын көріп отырмыз, бұл өз кезегінде **жалған құжат жасау** болып табылады.

Заңда былай делінген;

Қазақстан Республикасының Жол жүрісі туралы заңы

11-тарау. 73-бап. Адамдарға көлік құралдарын басқаруға рұқсат беру

7.п. Ұлттық жүргізуші куәлігі, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше шектеу көзделмесе, **он жыл мерзімге беріледі.**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңы былай делінген;

10-бап. Әлеуетті өнім берушіні біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тану негіздері

1. Әлеуетті өнім беруші мынадай негіздердің бірі бойынша:

3) біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары былай делінген;

11-тарау.150-бап. Әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер:

2) егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі келесі негіздемелер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса:

конкурстық өтінімде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталды;

Әрі қарай Тауешов Л.М азаматқа берілген **жүргізуші куәлігі** анық емес, түсініксіз және мүлдем оқылмайды және Асанов С.С, Онгарбаев С.А азаматтарға берілген **тоқпен және газбен дәнекерлеуші** куәліктеріде жөнді оқылмайды, фото ретінде ұсынылған, басы аяғы жоқ, түбі қандай құжат екенін айырып білу мүкін емес бір білетініміз сканерленген көшірме құжатқа ұқсамайды.

Осы «Бекітілген» Конкурстық Құжаттамада Шешім № 29-К Күні 2019-03-26 15:46:31, былай делінген;

3. Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуіне және оны ұсынуына қойылатын талаптар

18. Конкурсқа қатысуға өтінімде қамтылатын қағаз құжаттардың электрондық көшірмелері бейненің түсіне қарамастан, дәл және анық болуы тиіс.

Жоғарыдағы айтылған кемшіліктермен, айғақтарды келтіре отырып «Жол Болсын» ЖШС ұсынып отырған өтінім біліктілік талаптарына сәйкес болмауына байланысты о баста конкурстық комиссияның шешімімен қабылдамауға жатады деп білеміз.

Осыған орай, Сізден шынайы жеңімпазды анықтау, мақсатында конкурстың қортынды хаттамасын қайта қарап беруіңізді сұраймыз.

«Жаңа Түбек Компаниясы» ЖШС
Директоры **Б. Шәмбіл**

ЖАҢА ТҮБЕК КОМПАНИЯСЫ ЖШС

орындаған: Жұмабаева А.
эл,почта: baken_75@mail.ru
тел: 303017